

# Географиядан облыстық жасөспірімдер олимпиадасы (2025-2026)

## 7 сынып

Бұл кезең 1 ұпайлық 10 тест (10 ұпай) сұрақтарынан және 10 ұпайлық 4 бөлімнен (40 ұпай) тұрады.

Бұл олимпиада үшін алуға болатын ең жоғары ұпай – 50.

Олимпиаданы орындау уақыты: 120 минут (2 сағат).

*Тест сұрақтары (тек бір дұрыс жауап)*

1. Интрузивті магмалық тау жынысын анықтаңыз:

- A. Риолит
- B. Андезит
- C. Базальт
- D. Габбро
- E. Гнейс

2. Қызыл түсті және темір мен алюминий оксидтерінің көп мөлшері бар, ыстық және ылғалды климаттағы топырақ түрі қалай аталады?

- A. Қара топырақ
- B. Подзолды
- C. Сұр топырақ
- D. Ферралиттік
- E. Құба (Каштановые)

3. Ұзындығы 502 км, Қазақтың ұсақ шоқыларынан басталып, Шығанақ көлінің құятын, Ертіс бассейніне жататын өзен:

- A. Нұра
- B. Шідерті
- C. Елек
- D. Бұқтырма
- E. Қаратал

4. Солтүстік полюске барған алғашқы зерттеуші:

- A. Р. Пири
- B. Р. Амундсен
- C. М. Лазарев
- D. Д. Кук
- E. Р. Бэрд

5. Солтүстіктегі Сахара мен оңтүстіктегі құнарлы жерлер арасындағы өтпелі, Африкадағы тропикалық саванналық аймақ

- A. Магриб
- B. Сельва
- C. Сахель
- D. Кампос
- E. Пампа

6. Қазақстанның оңтүстік-шығысындағы полиметалл кендерін өндіру және өңдеу орталығы ретінде пайда болған қала қалай аталады?

- A. Талғар
- B. Қонаев
- C. Үштөбе
- D. Жаркент
- E. Текелі

7. Келесілерден «ақ қарғаны» табыңыз (халықаралық ұйымдарға мүшелігі бойынша):

- A. Норвегия
- B. Швеция
- C. Италия
- D. Дания
- E. Германия

8. Қандай жүк түрі теңіз тасымалдарының географиясын ең үлкен дәрежеде анықтайды?

- A. Дайын электроника
- B. Жоғары құнды бөлшек тауарлар
- C. Көп көлемді шикізаттық жүк
- D. Хат-хабар жөнелтілімдері
- E. Туристік тасымалдар

9. Төмендегілердің қайсысы ЖІӨ есептеуде есептелмейді?

- A. Жаңа зауыт салу
- B. Мемлекеттік сатып алулар
- C. Қолданылған автокөлікті сату
- D. Электр энергиясын өндіру
- E. Тауарларды экспорттау

10. 1:2 000 000 масштабтағы картада екі қала арасындағы қашықтық 4.5 см. Олардың нақты арақашықтығы қанша?

- A. 45 км
- B. 60 км
- C. 90 км
- D. 180 км
- E. 900 км

## А бөлімі. Жағалаулар мен шығанақтар



**А пішіні**



**В пішіні**



**С пішіні**



**Д пішіні**

А1 сызбасы. Жағалау суайдындарының пішіндері

Пішін	Сипаттама
<b>А</b>	Мұздық шегінгеннен кейін мұздық алқабын су басудан пайда болған тік, биік жағалаулары бар тар, өте терең теңіз шығанағы
<b>В</b>	Теңізден құмқайыры (песчаная коса) ішінара (частично) немесе толығымен бөлінген, тұщы және тұзды сулар араласатын кеңейтілген өзен сағасы
<b>С</b>	Ашық теңізден құмқайыры (песчаная коса) немесе тосқауыл аралымен (барьерный остров) бөлінген, су алмасуы шектеулі және тұздылығы жоғары таяз жағалаулық су айдыны
<b>Д</b>	Жағалаудағы шығыңқы жерлермен немесе аралдармен бөлінген және толқындар мен желден қорғалған су айдынының шағын учаскесі

А2 сызбасы. Жағалау суайдындарының пішіндерінің сипаттамасы

1. А1 және А2 сызбаларын пайдаланып, жағалау суайдындарының барлық пішіндерінің атауларын анықтап, оларды А пішінінен бастап Д пішініне дейінгі ретпен жазыңыз. [4]




2.1. Қай жетекші геоморфологиялық процесс А пішінін қалыптастырды? [1]

2.2. Әлемдегі осы пішіндегі ең ұзын нысан қай құрлықта орналасқан? [1]

3. Д пішінінде бейнеленген нысан әлемдегі өз пішініндегі ең ірі табиғи нысанның бірі болып саналады. Суреттегі қала  $33^{\circ}52'10''\text{о.е.}$ ,  $151^{\circ}12'30''\text{ш.б.}$  орналасқан. Бұл қаланы координаттары бойынша анықтаңыз: [1]

- А. Сингапур
- В. Хьюстон
- С. Манила
- Д. Сидней
- Е. Джакарта

4. Берілген фотосуреттер мен сипаттамаларға сүйене отырып, шығанақтардың атауларын анықтаңыз. [3]

Х шығанағы	Ү шығанағы	Z шығанағы
		
<p>Орталық бөлігі - терең, дауыл белсенділігі жоғары және күшті толқын әсерінен абразия басым болатын жағалаулары бар үлкен Атлант шығанағы.</p>	<p>Жоғары ендіктердегі тайыздығы басым, мұз жамылғысы ұзақ сақталатын және жағалауы әлсіз тілімденген кең ішкі акватория.</p>	<p>Тропикалық ендіктерде орналасқан, мұхит бассейнін ішкі теңізбен байланыстыратын, тектоникалық белсенділікпен, жоғары су температурасымен және қарқынды айналыммен сипатталатын тар, терең шығанақ.</p>

## ***В бөлімі. Оңтүстік Американың солтүстік-шығысы***

---

Бұл бөлімде Оңтүстік Американың солтүстік-шығысының картасын (В1 сызбасы) пайдалана отырып, аймақтың елдері мен аумағын анықтап, олар туралы сұрақтарға жауап беруіңіз керек.



В1 сызбасы. Оңтүстік Американың солтүстік-шығысының картасы

- 1.1. А елінің атауын жазыңыз [1]
- 1.2. А елінің астанасын атаңыз [1]
- 1.3. А елінің ресми тілін анықтаңыз [1]
- 2.1. В елінің атауын жазыңыз [1]
- 2.2. В елінің астанасын атаңыз [1]
- 2.3. Бұл елдің экономикасы негізінен алюминий өндірісінің негізгі шикізаты болып табылатын \_\_\_\_\_ өндірісіне негізделген. Бос орынға енгізілуі керек пайдалы қазбаны анықтаңыз. [1]
- 3.1. Х аумағының атауын жазыңыз [1]
- 3.2. Х аумағы қай елдің құрамына кіреді? [1]
- 4.1. Аймақтың үш аумағы да бір қыратта орналасқан. Қыраттың атауын анықтаңыз. [1]
- 4.2. Бұл қырат қандай геологиялық құрылым түріне жатады? [1]

## ***С бөлімі. Атмосфералық процестер***


---

- 1.1. Х процесінде зат газ тәрізді күйден сұйық күйге өтеді. Х процесін атаңыз. [1]
- 1.2. Фазалық ауысу (Ү процесі) Х процесінің кері процесі болып табылады. Ү процесін атаңыз. [1]
- 1.3. Төмендегі шарттардың қайсысы Ү процесін жылдамдатады? [0.5]
  - А. Атмосфералық қысымның жоғарылауы
  - В. Желдің болмауы
  - С. Сұйықтықтың температурасының жоғарылауы
  - Д. Сұйықтықтың температурасының төмендеуі





А түрі



В түрі



С түрі

С1 сызбасы. Бұлттардың пішініне қарай жіктелуі

2. Берілген сызбаларды (С1 және С2) талдап, бұлттар туралы сұрақтарға жауап беріңіз.

2.1. Пішіні бойынша бұлттардың **үш негізгі түрін** (С1 сызбасы) атаңыз. [1.5]

2.2. Вертикалды дамуы айқын көрінетін бұлттардың қай **түрге (А немесе В немесе С)** жататынын көрсетіңіз. Олардың біреуін атаңыз. [1.5]



С2 сызбасы. Х бұлттары


2.3. Х бұлттары (С2 сызбасы) - Жер бетінен 76-85 км биіктіктегі атмосфера қабатында пайда болатын салыстырмалы сирек кездесетін атмосфералық құбылыс. Х бұлттары қалай аталады және олар атмосфераның қай қабатында кездеседі? [1.5]

3. Температура мен ылғалдылық деректерін пайдаланып, есептеулерді орындаңыз:

3.1. Биіктігі 850 метр, етегінде температурасы  $25^{\circ}\text{C}$  болатын тауды елестетіп көріңіз. Таудың басындағы ауа температурасын есептеңіз. [1.5]

3.2. Егер абсолютті ылғалдылық  $7.4 \text{ г/м}^3$ , ал қанығу ылғалдылығы  $20.0 \text{ г/м}^3$  болса, тау етегіндегі салыстырмалы ылғалдылықты есептеңіз. [1.5]

1. Халықтың саны, құрылымы және басқа да сипаттамаларын қай ғылым зерттейді? [0.5]



D1 сызбасы. X көрсеткішінің картасы

1.1. (D1 сызбада) картада қандай көрсеткіш бейнеленген және ол қандай өлшем бірліктерімен өлшенеді? [1.5]

1.2. X көрсеткішінің мәні бойынша көш бастап тұрған **үш** дүние бөлігін (құрлықтық аймақты) атаңыз? [1.5]

1.3. **Орналасу сипаттамалары тұрғысынан** X көрсеткішіне ең күшті әсер ететін **үш** негізгі факторды таңдаңыз. [1.5]

A. Халықтың әл-ауқатының деңгейі (кірістері)

B. Білім беру мекемелері желісінің тығыздығы

C. Теңіз деңгейінен биіктігі

D. Халықтың жас құрылымы

E. Географиялық ендік

F. Мәдени және діни дәстүрлер

G. Көлік инфрақұрылымының дамуы (жолдар, порттар және т.б.)

2. Мына жағдайды елестетіңіз: 2024 жылдың басында елде 2 526 489 адам болды, ал 2024 жылы 82 124 адам дүниеге келді, 29 876 адам қайтыс болды, 10 525 адам иммиграциялады және 7 357 адам эмиграциялады. Келесі көрсеткіштерді есептеңіз:

2.1. 2024 жылдың соңындағы халық саны (2025 жылдың басындағы) [1]

2.2. 2024 жылғы халықтың абсолютті табиғи өсімі [1]

2.3. 2024 жылғы халықтың абсолютті механикалық өсімі [1]

3. Берілген мәтінді дұрыс толықтыратын нұсқаларды таңдаңыз: [2]

Бүгінгі күні экономикалық дамыған елдердің көбінде халық санының артуы / азаяуы тенденциясы байқалады. Бұл туу деңгейінің артуымен / төмендеуімен және нәтижесінде қарттар үлесінің артуымен / азаяуымен байланысты. Сол уақытта көптеген дамушы елдерде халықтың оң / теріс табиғи өсімі байқалады.